

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Биотехнология кафедрасы

Еділбаев Есенғали Сағынғалиұлы

Тақырыбы: «Өзенмұнайсервис» ЖШС қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыс
жағдайының күйін бақылау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Мамандығы 5B073100-Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны
қорғау

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Биотехнология кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Биотехнология
кафедрасының меңгерушісі
PhD, профессор
З.К. Туиебахова
« 08 » _____ 2019ж



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Өзенмұнайсервис» ЖШС қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыс жағдайының күйін бақылау

5B073100 – «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау»
мамандығы бойынша

Орындаған

Еділбаев.Е.С

Ғылыми жетекші
лектор

Ж.Б.Абдрахманова
« 08 » _____ 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Биотехнология кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Биотехнология
кафедрасының меңгерушісі

Р.Д. профессор



З.А. Туйебахова
2019ж

Дипломдық жұмыс орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Білім алушы: Еділбаев Есенғали Сағынғалиұлы

Тақырыбы: «Өзенмұнайсервис» ЖШС қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыс жағдайының күйін бақылау

Университет ректорының «16» қазан 2018 ж. № 1163-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «8» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: заңдық және нормативтік құжаттар, өндірістік және диплом алды тәжірибеден жиналған мәліметтер.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

- а) «ӨзенМұнайСервис» ЖШС жалпы талаптары туралы қарастыру.
- б) Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне жедел бақылау жүргізудің көлемі және тәртібін қарастыру.
- в) Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыру және оның мазмұнын зерттеу.
- г) Өндіріс қауіпсіздігі және еңбек жағдайларының жай-күйі туралы жедел ақпаратын тексеру.

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде сызбалардың саны көрсетеліген сызбалық материалдар тізімі: 15 слайд

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер тізімі: 8 атау

Дипломдық жұмысты дайындау
ГРАФИГІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Әдебиеттерге шолу	25.02.2019-15.03.2019	жоқ
Негізгі бөлім	05.03.2019-20.04.2019	жоқ
Есептеу бөлімі	21.04.2019-06.05.2019	жоқ

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші мен кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Диплом тақырыбы бойынша әдеби шолу жасау	Ж.Б.Абдрахманова лектор	26.02.2019	Аманжол
«ӨзенМұнайСервис» ЖШС жалпы талаптары туралы қарастыру	Ж.Б.Абдрахманова лектор	15.03.2019	Аманжол
Объектілердегі еңбекті қорғау жай-күйін бақылау	Ж.Б.Абдрахманова лектор	17.04.2019	Аманжол
Нормобақылаушы	Садвакасов Е.Е., магистр, лектор	08.05.2019	Е.Е.Садвакасов

Ғылыми жетекші

Аманжол

Ж.Б.Абдрахманова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Еділбаев

Еділбаев.Е.С

Күні

« 16 » 10

2018ж.

МАЗМҰНЫ

	КІРІСПЕ	7
1.1	«ӨзенМұнайСервис» ЖШС-ның жалпы талаптары	8
1.2	Серіктестік қызметкерлерінің еңбекті қорғаудың қауіпсіз жағдайлары жай-күйін үнемі бақылап отыруды жүргізу тәртібі	9
2	Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне жедел бақылау жүргізудің көлемі және тәртібі	10
2.1	Жалпы ережелер	10
2.2	Бақылаудың бірінші деңгейі	10
2.3	Бақылаудың екінші деңгейі	12
2.4	Бақылаудың үшінші деңгейі	14
3	Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның мазмұны	18
3.1	Цехтар арасындағы еңбек жағдайларының жай-күйін өзара тексеру	18
3.2	Еңбекті қорғау бөлімдері мамандарының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бөлімдері жөніндегі іріктемелі бақылауының негізгі бағыттары	20
3.3	Объектілердегі еңбекті қорғау жай-күйін бақылау	21
3.4	Қызметкерлердің арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуін бақылау	23
4	Өндіріс қауіпсіздігі және еңбек жағдайларының жай-күйі туралы жедел ақпарат	25
4.1	Объектідегі тікелей жұмыс басшысының ақпараты (шебер)	25
4.2	Басшылықтың ақпараты	26
4.3	ЖШС бөлімшелерінде болуы тиіс еңбекті қорғау жөніндегі негізгі құжаттама болжамды тізбесі	27
4.4	Жазатайым оқиғалардың коэффициенттерін анықтау	31
	ҚОРЫТЫНДЫ	33
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	34

АНДАТПА

Диплом жұмысы 35 беттен, 8 әдебиет көздерінен тұрады.

Түйін сөздер: еңбек қауіпсіздігі, өндіріс қауіпсіздігі, еңбек қорғау, зиянды заттар.

Жұмыстың мақсаты: «ӨзенМұнайСервис» ЖШС қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыс жағдайының күйін бақылау».

Жұмыстың міндеттері:

1. «ӨзенМұнайСервис» ЖШС жалпы талаптары туралы қарастыру.
2. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне жедел бақылау жүргізудің көлемі және тәртібін қарастыру.
3. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның мазмұнын зерттеу.
4. Өндіріс қауіпсіздігі және еңбек жағдайларының жай-күйі туралы жедел ақпаратын тексеру.

АНОТАЦИЯ

Дипломная работа изложена на 35 страницах и состоит из 8 список используемой литературы.

Ключевые слова: безопасности труда, промышленной безопасности, охраны труда, вредные вещество.

Цель работы: Контроль за состоянием работы ТОО «Озенмунайсервис» на опасных производственных объектах.

Задачи исследования:

1. Рассмотреть учитывая общие требования ТОО «ОзенМунайСервис».
2. Рассмотрение объема и порядка проведения оперативного контроля охраны труда и здоровья.
3. Организация работы постоянной комиссии по безопасности труда и изучение ее содержания.
4. Проверка оперативной информации о безопасности производства и условиях труда.

ANNOTATION

The thesis consists of 35 pages and consists contains 8 lists of used literature.

Keywords: occupational safety, industrial safety, occupational safety, harmful substances.

Objective: Monitoring the status of the work of Ozenmunayservice LLP at hazardous production facilities.

Duties:

1. Consider considering the general requirements of OzenMunaiService LLP.
2. Consideration of the volume and order of the operational control of occupational safety and health.
3. Organization of the work of the permanent commission on labor safety and the study of its content.
4. Verification of operational information about production safety and working conditions.

КІРІСПЕ

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС-дағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін бақылауды жүргізу тәртібі туралы осы ереже (әрі қарай - Ереже) еңбекті қорғау тұрғысында үздіксіз бақылау жүргізудің бірыңғай тәртібін белгілейді және барлық қызметтер, бөлімдер және бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Бақылау «ӨзенМұнайСервис» ЖШС-ның (әрі қарай - Серіктестік) еңбекті қорғау және жалпы қызметін басқару жүйесінің элементі болып табылады және ол:

- жұмыстар мен процестердің жүргізілуін қадағалауды;
- өндірістік, экологиялық қауіпсіздікті және еңбек қорғауды басқару жүйесінің қызметін бақылауды (аудит);
- Серіктестік объектілеріндегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін бағалауды қамтиды.

Ереже еңбек және өндіріс процестерінің қауіпсіздігін арттыруға, жұмыс орындары мен учаскелердің еңбек жағдайларын нормативтік талаптарға келтіру, өндірістік тәуекелді төмендету, жалпы ұйымдық қамтамасыз етуді жақсарту негізінде өндірістік процестерді ұйымдастыру және жүзеге асыру барысында ЕҚ саласындағы бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған.

Жұмыстың мақсаты: «ӨзенМұнайСервис» ЖШС қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыс жағдайының күйін бақылау».

Жұмыстың міндеттері:

1. «ӨзенМұнайСервис» ЖШС жалпы талаптары туралы қарастыру.
2. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне жедел бақылау жүргізудің көлемі және тәртібін қарастыру.
3. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның мазмұнын зерттеу.
4. Өндіріс қауіпсіздігі және еңбек жағдайларының жай-күйі туралы жедел ақпаратын тексеру.

1.1 «ӨзенМұнайСервис» ЖШС-ның жалпы талаптары

1.1 Осы дипломдық жұмыс Кодекстерге, Серіктестік жарғысына сәйкес әзірленген және Серіктестіктегі еңбек қорғаудың жай-күйін бақылауды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2 Серіктестік дербес шаруашылық қызметті жүзеге асырады және еншілес ұйым мәртебесін иелене отырып, мемлекеттік мұнай-газ компаниясының (әр қарай-Компания) ұйымдық құрылымына кіреді.

Серіктестік қызметінің ұйымдастырушылық, құжаттамалық, құқықтық, материалдық - техникалық, ақпараттық, кадрлық қамтамасыз етілуін, белгіленген тәртіппен бекітілген қолданыстағы ұйымдық құрылымға сәйкес Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.

Серіктестіктің бөлімшелері - Басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшелері - бөлімдер, қызметтермен қамтылған.

Цех - негізгі өндірістік бөлімшелер.

Өндірістік учаске - цехтың жеке өндірістік буынға бөлінген бір бөлігі (технологиялық, механикалық учаске, энергиямен жабдықтау учаскесі).

1.3 Серіктестіктегі еңбекті қорғаудың жай-күйін бақылауды еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері, өндірістік цехтардың басшылары, Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бөлімдері (қызметтері) белгіленген ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, Серіктестікте еңбекті қорғаудың жай-күйін бақылаумен қатар, атқарушы биліктің белгіленген қызмет саласын қадағалау жөніндегі республикалық органдары жүзеге асыратын еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау, сондай-ақ қызметкерлер кәсіподағы және Серіктестік қызметкерлерімен сайланған өзге де өкілдер жүзеге асыратын қызметкерлердің еңбекті қорғау саласындағы құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қоғамдық бақылау жүргізіледі.

1.4 Серіктестіктің ережесінің орындалуын бақылау еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөліміне, басшыларға және құрылымдық бөлімшелерге жүктеледі.

1.5 Серіктестіктің бөлімшелерінде бақылау жүргізудің келесідей деңгейлері мен нысандары белгіленеді:

- қызметкерлердің жабдықтың, құрылғылардың, құрал-саймандардың, қоршаулардың, қорғаныштық жерге тұйықтау мен басқа да қорғаныс құралдарының жарамдылығын жұмыс басталғанға дейін және оны орындау барысында үнемі бақылап отыруы (тексеруі);
- жұмыс басшылары (цехтың бастықтары, шеберлер, бөлімше басшылары) жүргізетін жедел кезеңдік үш сатылы бақылау;
- цехтар арасындағы еңбек жағдайларының жай-күйін өзара тексеру;
- еңбекті қорғау жөніндегі бөлімдер жүргізетін еңбекті қорғаудың жай-күйін іріктеп бақылау.

Сонымен қатар, төтенше (стандартты емес, штаттан тыс) жағдайлар орын алған жағдайда күшейтілген қадағалау жүзеге асырылуы тиіс.

1.6 Еңбекті қорғаудың жай-күйін тексеру келесідей тәртіппен жүзеге асырылады:

- тексерілетін объектілер мен оларды сипаттайтын параметрлерін таңдап алу;
- тексеру рәсімінің өзін орындау;
- қол жеткізілген нәтижелерді нормативтік талаптармен салыстыру;
- еңбек жағдайларының қауіпсіздік ережелері мен нормаларының талаптарына сәйкес келмеуінің, олардан ауытқуының, нұсқаулықтардың сақталмауының, еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктердің себептерін анықтау;
- оларды жою үшін қажетті ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды әзірлеу және негіздеу.

1.7 Қадағалау іс-әрекеттерінің көлемі тікелей жұмыс орындары мен учаскелерінде жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуінің ұйымдастырылуы, ұйымдастыру-өкімдік құжаттардың орындалуы, басқару жүйесінің қызмет етуі, бөлімшелердегі және жалпы кәсіпорындағы еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы объективті ақпарат алу үшін жеткілікті болуы тиіс.

1.8 Бақылау нәтижелері бойынша бөлімшелердегі және жалпы алғанда Серіктестіктегі ЕҚ жай-күйі бағалануы тиіс, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды (ауытқуларды, сәйкес келмеушіліктерді) жою, көтермелеу және жол берілген бұзушылықтар үшін тиісті қызметкерлерді жауапкершілікке тарту бойынша қажетті шаралар қабылдануы керек.

1.9 Серіктестіктен анықталған еңбекті қорғау нормалары мен ережелерінің бұзылуы жағдайларын жоюдың дұрыстығы мен уақытылылығын бақылауды еңбектің қорғалуын қамтамасыз етуге жауапты тұлғалар және ЕҚ жөніндегі бөлімдер жүзеге асырады.

1.2 Серіктестік қызметкерлерінің еңбекті қорғаудың қауіпсіз жағдайлары жай-күйін үнемі бақылап отыруды жүргізу тәртібі

- Әрбір қызметкер өзіне бөлініп берілген жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін бақылауды жүзеге асырады.

- Еңбек ету барысында қызметкерлер жұмыс орындарының жай-күйін тексеруді жүзеге асырып, қауіпсіздік талаптарының бұзылуы жағдайларын жою бойынша шаралар қабылдауы тиіс, олар жұмысты тоқтатуға дейін бар алады.

- Қызметкерлер өндірісте орын алған кез келген жазатайым оқиға жайында, сондай-ақ тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті жағдай туралы өзінің тікелей басшысына, ауысымның, бригаданың, вахтаның бастығына дереу хабарлауға міндетті.

- Жұмыс орындарындағы қауіпсіздік талаптарын жұмыс басталғанға дейін, жұмыс жасау барысында, апатты жағдайлар туындаған кезде тексеру тәртібі еңбекті қорғау жөніндегі, мамандықтар жөніндегі немесе Ережеге сәйкес және еңбекті қорғау жөніндегі салалық үлгілік нұсқамалар негізінде әзірленетін жұмыс түрлері жөніндегі тиісті нұсқаулықтармен анықталады.

2 Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне жедел бақылау жүргізудің көлемі және тәртібі

2.1 Жалпы ережелер

2.1 Өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырудың құрамдас элементтерінің бірі - өндірістік жабдықтардың, қорғаныс құралдарының және өндірістік ортаның қауіпсіздік ережелері мен нормаларының, стандарттарының талаптарына сәйкес болуын сақтауды ведомстволық бақылау жүйесі, сондай-ақ тиісті басқарушылық әсерлерді әзірлеу болып табылады.

2.2 Серіктестіктің еңбекті қорғау жөнiндегi жұмысты, еңбек жағдайлары мен өндірістің қауіпсіздігі жай-күйін түрлі деңгейде бақылауы өндірістік жарақаттанудың алдын алу тәсілдерінің бірі болып табылады.

2.3 Еңбек жағдайының жай-күйін ведомстволық бақылауды өндірісті әртүрлі деңгейде басқаратын басшылар, еңбек жағдайлары параметрлерінің қауіпсіздік ережелері мен нормаларының талаптарынан ауытқуын жедел түрде анықтап, оларды жою үшін қажетті шараларды қабылдау арқылы жүзеге асырады.

2.4 Еңбек жағдайының жай-күйін ведомстволық бақылаудың негізгі принципі – бұл өндірісті әртүрлі деңгейде басқаратын басшылар төменде келтірілген сызба бойынша жүргізетін жүйелі тексерулер.

2.5 Еңбек жағдайының жай-күйін бақылауды мыналар жүзеге асырады:

- учаскелердің бастықтары, шеберлер, механиктер және басқа да тікелей басшылар - *бақылаудың бірінші деңгейі*;

- цехтардың бастықтары және басқа да басшылар - *бақылаудың екінші деңгейі*;

- басшылық етуші қызметкерлер, директорлар, Серіктестіктің басқарма аппаратының қызметтері мен бөлімдерінің бас мамандары өзі немесе еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ТЖК құрамында, ЕҚҚБ бөлімдерінің қызметкерлері - *бақылаудың үшінші деңгейі*;

2.2 Бақылаудың бірінші деңгейі

Учаскелердің бастықтары, шеберлер, механиктер және басқа да жұмыстардың тікелей басшылар күн сайын жұмыстың (ауысымның, вахтаның) басында немесе жұмыс объектісіне шығардың алдында және одан әрі жұмыс барысында жұмыс орындарының қауіпсіздігі мен қорғалуы жай-күйін тексеруі және анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша жедел шаралар қабылдауы тиіс.

Тексеру жұмыстың ұйымдастырылуын және объектінің жалпы жағдайын бақылау мақсатында жұмыс орындарын аралау жолымен жүргізіледі.

Өндірістік объектілер (ұңғымалар, коммуникациялар және т. б.) аумақта

шашыраңқы орналасқан жағдайында тікелей басшы объектілердегі еңбек жағдайының жай-күйін бақылау жұмысын барлық объектілерді, жұмыс жүргізіліп жатқан немесе жақын уақытта жүргізілетін жұмыс орындарын бір аптаның ішінде тексеріп шығуға болатындай етіп ұйымдастырады.

Жұмыс орындарын аралау және жабдықтарды қарау кезінде тікелей басшы:

- жұмыс орындарын, жұмыс орындарының жай-күйі мен дұрыс ұйымдастырылуын (жұмыс аймағының, өткелдер мен өтпе жолдардың қауіпсіз жай-күйін);

- желдету қондырғылары мен жергілікті сору жүйелерінің жарамдылығын;

- бөлшектерді, құрал-саймандарды, материалдарды жинау мен сақтаудың болуын және дұрыстығын;

- қызметкерлердің жұмыс киімдерін және басқа да жеке қорғаныс құралдарын (каскалар, газқағарлар, қорғаныс көзілдіріктері, сақтандыру белдіктері және т. б.) пайдалануды түсінуі жүйесінің жарамдылығын;

- жұмыс орындарының санитарлық жағдайын, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардың күтіп-ұсталуын, жұмыс орындарының қолжуғыштармен қамтамасыз етілуін, медициналық дәрі-дәрмек қобдишасының болуын және жинақталуын;

- нұсқаулықтардың, плакаттардың, ескерту жазбаларының, қауіпсіздік белгілерінің, іске қосу құрылғыларының белгілері мен таңбаларының, басқару символдарының болуын және жай-күйін;

- қызметкерлердің жұмыс жасаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін, технологиялық режимдерді, нұсқаулықтарды, нарядтарды, өндіріс және еңбек тәртібін сақтайтынын;

- алғашқы өрт сөндіру құралдарының және жүйелерінің жай-күйі;

- жерге тұйықтау құрылғылары мен статикалық электрден қорғау құрылғыларының болуын және жарамдылығын;

- жабдықтардың (машиналардың, агрегаттардың, станоктардың), бақылау-өлшеу аспаптарының, құрылғылар мен құралдардың техникалық жай-күйін, олардың қауіпсіздік ережелерінің және нормаларының талаптарына сәйкестігін;

- жабдықтардың, бекіткіш және ретке келтіретін арматура мен коммуникациялардың герметизациялауын;

- ыдыстардың, баллондардың, ресиверлердің және басқа да аппараттардың, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың жай-күйін;

- қоршау, сақтандырғыш және герметикалаушы құрылғылардың, автоматты бақылау және сигнал беру, қашықтықтан басқару құрылғыларының және басқа да қорғаныс құралдарының болуын және жарамдылығын тексереді.

Тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер дереу жойылуы тиіс, бригаданың, ауысымның, вахтаның күшімен жоюға келмейтін немесе оларды жою тікелей жұмыс басшысының құзыретіне кірмейтін қалған бұзушылықтар мен кемшіліктер "Еңбек жағдайларының жай-күйін тексеру

журналына" жазылады.

Шеберлер және басқа да тікелей басшылар, алдыңғы ауысымның жұмысшыларынан (ауысымдық жұмыс жағдайында) немесе тиісті журналдарға жазылған жазбаларға қарап, еңбек жағдайлары факторларының қауіпсіздік ережелері мен нормаларынан ауытқуын анықтайды, алдында өткен күндері "Еңбек жағдайларының жай-күйін тексеру журналында" тіркелген ескертулер мен кемшіліктердің жойылуын тексереді.

Бірінші деңгей бойынша тексерулердің нәтижелері және Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін тексеру журналдарындағы жазбалар апта сайын өткізілетін жедел кеңестер мен қызметкерлердің жиналыстарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін жедел талдау жасауда бастапқы дерек ретінде пайдаланылады және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін бағалауға негіз болып табылады (11.2-бөлім).

Бірінші деңгейлі жедел бақылаудың дұрыс ұйымдастырылуы үшін жауапкершілікті тікелей жұмыс басшысымен қатар, өндірістік бірліктің күшімен жою мүмкін болмайтын анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жойылуын қамтамасыз ететін өндірістік бірліктің басшысы да арқалайды.

2.3 Бақылаудың екінші деңгейі

Цехтардың бастықтары айына кем дегенде бір рет шеберлердің, механиктердің жұмысын, сондай-ақ тікелей объектілердегі, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларының жай-күйін тексеруді жүзеге асырып, анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша жедел шаралар қабылдауы тиіс.

Барлық объектілерді тексерудің жүйелілігін және бақылаудың екінші деңгейінің толық жүргізілуін қамтамасыз ету үшін цехтардың бастықтары тексеруге өз орынбасарларын, шеберлерін және цехтың басқа да мамандарын тартуы тиіс, олар объектілер мен жұмыс орындарын тексеру айына кем дегенде бір рет жүргізілетіндей есеппен тартылуы керек.

Цехтарының бастықтары, оның орынбасарлары және осы бөлімшенің басқа да инженерлік - техникалық қызметкерлері бригадаларда, учаскелерде мыналарды:

- объектідегі жұмыстың тікелей басшыларының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін бақылау және талдау бойынша жұмысын (тексерулердің жүйелілігі мен сапасы, олардың тиімділігі);

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша құжаттамалардың жүргізілуін және олардың дұрыстығын (еңбек жағдайларының жай-күйін тексеру, нұсқаулықтарды, жабдыққа паспорт және т. б. тіркеу журналдары);

- цех бастығының өкімдері мен «ОМС» ЖШС басшылығы

бұйрықтарының, нұсқауларының орындалуын;

- еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың уақытылы және толық орындалуын;

- шеберлердің қызметкерлерді нұсқаулықтан өткізуінің уақытылығы мен сапасын, нұсқамаларды ресімдеудің дұрыстығы мен сапасын, қызметкерлерде білімін тексеру туралы жұмыс куәліктерінің болуын;

- жұмыс орындарының, аумақтардың, ғимараттар мен құрылыстардың дұрыс және қауіпсіз ұйымдастырылуын (жұмыс аймағы мен жұмыс орындарының қауіпсіз жағдайда болуы, өткелдер мен өту жолдарының жағдайы);

- жабдықтардың, механизмдердің, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрылғылар мен құралдардың техникалық жай-күйі мен жарамдылығын, олардың қауіпсіздік ережелерінің және нормаларының талаптарына және орындалатын жұмыс шарттарына сәйкестігін;

- жабдықтарды герметизациялануын, желдету және ауаны тазалауға арналған құрылғылардың жұмысын және олардың жай-күйін;

- жерге тұйықтау құрылғылары мен статикалық электрден қорғау құрылғыларының болуын және жарамдылығын;

- ыдыстардың, баллондардың, ресиверлердің және басқа да аппараттардың, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың жай-күйін;

- қоршау, сақтандырғыш және герметикалаушы құрылғылардың, автоматты бақылау және сигнал беру, қашықтықтан басқару құрылғыларының және басқа да қорғаныс құралдарының болуын және жарамдылығын;

- жұмыс орындары мен аумақтардың жарықтандырылу жағдайын, жарықтандыру жүйесінің жарамдылығын;

- қызметкерлердің жұмыс киімімен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен (каскалармен, респираторлармен, қорғаныс көзілдіріктерімен, сақтандыру белдіктерімен және т. б.) қамтамасыз етілуін, олардың жай-күйін, олардың дұрыс пайдаланылуын;

- жұмыс орындарының санитарлық жағдайын, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлардың күтіп-ұсталуын, жұмыс орындарының қолжуғыштармен қамтамасыз етілуін, медициналық дәрі-дәрмек қобдишасының болуын және жинақталуын;

- нұсқаулықтардың, плакаттардың, ескерту жазбаларының, қауіпсіздік белгілерінің, іске қосу құрылғыларының белгілері мен таңбаларының, басқару символдарының болуын және жай-күйін,

- жұмыстың дұрыс және қауіпсіз ұйымдастырылуын, технологиялық процестердің дұрыс жүргізілуін, қызметкерлердің жұмыс жасаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін, технологиялық режимдерді, нұсқаулықтарды, нарядтарды, өндіріс және еңбек тәртібін сақтайтынын;

- аса қауіпті жұмыстардың дайындауын және жүргізілуін, осы жұмыстарға құжаттамалардың (нарядтардың, рұқсаттардың, жобалардың, жоспарлардың және т. б.) болуын және дұрыс ресімделуін;

- жұмыс басшыларының (шеберлердің, механиктердің және т. б.)

ережелерімен және лауазымдық нұсқаулықтарымен айқындалған өзінің қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындауын тексереді.

Тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер дереу жойылуы тиіс, тексеру барысында жоюға келмейтін қалған бұзушылықтар мен кемшіліктер тексерілетін объектілердің "Еңбек жағдайларының жай-күйін тексеру журналына" тіркеледі.

Егер анықталған бұзушылықтарды цехтың күшімен жоюға немесе оларды жою цех басшысының құзыретіне кірмейтін болса, онда ол мұндай бұзушылықтар жайында ресми түрде серіктестіктің басшылығын хабардар етеді де, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

Егер анықталған бұзушылықтар, кемшіліктер апатты жағдайға немесе қызметкерлердің жарақаттануына әкеп соқтыруы мүмкін болса, онда цех басшысы осы бұзушылықтар жойылғанға дейін жұмысты тоқтата тұрады.

Екінші деңгейлі бақылаудың тексеру нәтижелері бөлімшелердегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жай-күйінің деңгейін бағалаудан бастапқы материал болып табылады және цехтың бастығы өткізетін жедел жиналыстарда немесе қызметкерлердің жиналыстарында қаралады.

Екінші деңгейлі бақылаудың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі үшін және анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің уақытылы жойылуы үшін жауапкершілік цех бастықтарына жүктеледі, олар жауапты орындаушыларды анықтайды немесе анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жойылуын жеке өзі ұйымдастырады.

2.4 Бақылаудың үшінші деңгейі

Басшылық етуші қызметкерлер, бас, жетекші мамандар, ОМС басқару аппараты бөлімдерінің, қызметтерінің қызметкерлері жеке өздері немесе ТЖК құрамында тоқсанына кем дегенде бір рет цех басшыларының бақылаудың екінші деңгейін жүзеге асыру жөніндегі жұмысын, сондай-ақ өндірістік объектілердегі, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларының жай-күйін тексеруді жүзеге асыруы, анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша жедел шараларды қабылдауы тиіс.

Цехтарды, объектілерді тексеру кестесі барлық негізгі өндірістік бөлімшелер, цехтар, учаскелер тоқсанына кем дегенде бір рет тексерілетіндей есеппен жасалуы тиіс.

Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер дереу жойылуы тиіс. Бақылаудың үшінші деңгейі бойынша тексеру нәтижелері анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі тиісті қорытындылары мен ұсыныстары бар актімен ресімделе алады, болмаса тексерілетін объектілердің "Еңбек жағдайларының жай-күйін тексеру журналында" тіркеледі. Қажет

болған жағдайда Серіктестік басшылығы бұйрық шығарады.

Егер анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер апатты жағдайға немесе қызметкерлердің тануына әкеліп соқыруы мүмкін болса, онда жұмыстар осы бұзушылықтар және кемшіліктер жойылғанға дейін дереу тоқтатылуы тиіс.

Үшінші деңгей бойынша тексерулердің нәтижелері Серіктестіктің басшылығы өткізетін жиналыстарда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйін талдауда және қарауда негізгі материал болып табылады.

Бақылаудың екінші деңгейінің ұйымдастырылуы және жүзеге асырылуы үшін, анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің уақытылы жойылуы үшін жауапкершілігі Серіктестіктің басшыларына жүктеледі.

Басшылық етуші қызметкерлер, ЕҚҚБ және ҚОҚ жөніндегі бас, жетекші мамандар, филиалдарды басқару аппаратының өндірістік-техникалық бөлімдерінің қызметкерлері жеке өздері немесе ТЖК құрамында жарты жылда кем дегенде бір рет еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын, инженерлердің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі цех бастығының, басшылардың жұмысын және объектілердегі еңбек жағдайларының жай-күйін тексеруді жүзеге асыруы тиіс.

Өндірістік құрылымдық бөлімшелерді тексеру кестелері ұйымның барлық негізгі бөлімшелері жарты жылда кем дегенде бір рет тексерілетіндей есеппен жасалуы тиіс.

басшы қызметкерлер, "ОМС" ЖШС басқару аппаратының бас, жетекші мамандары, ТЖК мүшелері тікелей өндірістік цехтарда еңбек жағдайларының жай-күйін мақсатты және кешенді тексеруді жүзеге асырады. Бұл ретте олар:

- цехтардың еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметінің ұйымдастырылуын және жұмысын, қызметтің тиісті мамандармен жасақталуын, олардың білімін, біліктілігін, жұмыс тәжірибесін, қызмет қызметкерлеріне арналған лауазымдық нұсқаулықтардың болуын, қызметтің жұмыс жоспарларының болуын және олардың орындалуын, қызметтік үй-жаймен, көлікпен, қажетті байланыс құралдарымен, оргтехникамен, анықтамалық және нормативтік-техникалық әдебиеттермен қамтамасыз етілуін;

- басшылардың, бас мамандардың, цех бөлімдері бастықтарының жұмысын, лауазымдық нұсқаулықтарының болуын, оларда қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша міндеттерінің көрсетілуін және олардың орындалуын, цехтарда еңбек жағдайларының жай-күйіне жедел бақылау мен талдаудың алғашқы екі деңгейін жүргізудің тиімділігін (жүйелілігі, мазмұны, қажетті шаралардың қабылдануы), бұл жұмысқа бас мамандардың қатысуын, еңбек жағдайларының жай-күйін тексеру журналдарына енгізілген ұсыныстардың орындалуын және ескертулердің жойылуын, анықталған бұзушылықтардың талдау;

- жүк көтеретін крандардың, көтергіштердің (мұнаралардың), алмалы-салмалы жүк ұстағыш құрылғылардың және ыдыстың қауіпсіз пайдаланылуын қадағалау бойынша;

- жүк көтеретін крандар мен көтергіштердің (мұнараларды) жарамды

- күйде ұсталуына; крандармен жасалатын жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне;
- аса қауіпті жұмыстардың дайындалуы және жүргізілуіне;
 - жекелеген объектілердің өрт қауіпсіздігіне;
 - иондаушы сәулелену көздерінің есепке алынуы мен сақталуына жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың болуын және олардың дұрыс ресімделуін;
- бу және су жылыту қазандықтарының, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстардың, энергия шаруашылығының, газ баллондарының, өрт сөндіру, сумен жабдықтау және кәріз жүйелерінің, желдету, жылу желілерінің қауіпсіз пайдаланылуына және жарамды жай-күйде болуына; басқару аппаратының бөлімдері мен қызметтерінің жұмыс жоспарларында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелерінің және жоспарланған іс-шаралардың орындалуының көрсетілуін;
- еңбек жағдайының жай-күйін тексерудің ұйымдастырылуы мен жүргізілуін, цехтардың ТЖК жұмысын, комиссия жұмысы жоспарының орындалуын, басшылардың, бас және жетекші мамандардың комиссия жұмысына қатысуын;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша жиналыс өткізудің ұйымдастырылуын, соның ішінде әртүрлі жиналыстарды, техникалық кеңестерді, жұмыс жиналыстарында, конференцияларда еңбек жағдайларын тексеру нәтижелерінің, олардың кезеңділігінің қаралуын, шешімдердің қабылдануы мен олардың орындалуын;
- еңбек жағдайларын жақсарту және сауықтыру жөніндегі іс-шаралардың әзірленуі мен жүзеге асырылуын, жоспарларда, бағдарламаларда, ұжымдық шарттарда, келісімдерде көзделген жоспарланған іс-шаралардың уақытылы және толық орындалуын,
- "ОМС" ЖШС басшылығының бұйрықтары мен нұсқауларының, мемлекеттік қадағалау органдары нұсқамаларының орындалуын;
- қызмеркерлерге қауіпсіз жұмыс жасау әдістерін оқытудың ұйымдастырылуын, қызметкерлерді оқытудың белгіленген тәртібінің сақталуын, жұмысшыларды нұсқамадан өткізудің уақытылығы мен сапасын, олардың жүйелілігін, бағдарламалардың, сұрақтардың болуын, оларды ресімделуін, қызметкерлердің білімін тексеру кестелерінің сақталуын, құжаттаманы (журналдарды, хаттамаларды, куәліктерді және т. б.) ресімдеудің дұрыстығы мен сапасын);
- жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және қайта қарау тәртібін, осы тізбелерге сәйкес құжаттардың нақты болуын;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелерін насихаттаудың ұйымдастырылуын, кино - және бейнефильмдер мен т. б. көрсетілуін, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша дәрістердің оқылуын, әңгімесулер мен консультациялардың өткізілуін;
- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша құжаттардың (журналдардың, паспорттардың, жоспарлардың, нарядтардың, актілердің және т. б.) болуын және дұрыс жүргізілуін;

-жабдықтың, механизмдердің, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрылғылар мен құралдардың, желдеткіш жүйелер мен қондырғылардың, жылыту және жарықтандыру жүйелерінің, жабдықтар мен құрылғылардың жерге тұйықталуының, сондай-ақ автоматтандыру және механикаландыру құралдарының, көлік құралдарының техникалық жай-күйі мен дұрыс пайдаланылуын, олардың қауіпсіздік ережелерінің талаптарына сәйкестігін;

- қоршау, сақтандырғыш және герметикалаушы құрылғылардың, автоматты бақылау және сигнал беру, қашықтықтан басқару құрылғыларының және басқа да қорғаныс құралдарының болуын және жарамдылығын;

- технологиялық процестердің ұйымдастырылуын және жүргізілуін, аса қауіпті жұмыстардың ұйымдастырылуын және жүргізілуін, осындай жұмыстарды жүргізу құжаттамасының болуын және дұрыс ресімделуін;

- қызметкерлердің, жұмыс орындары мен объектілердің қажетті нұсқаулықтармен, плакаттармен, қауіпсіздік белгілерімен және басқа да көрнекі үгіт құралдарымен қамтамасыз етілуін;

- цехтар мен объектілердің нормаларға сәйкес санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етілуін және олардың жай-күйін;

- қызметкерлерді медициналық тексерулердің уақытылы жүргізілуін;

- қызметкерлердің қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуін және жұмыс орындарының жабдықталуы, олардың дұрыс пайдаланылуын, осы құралдардың жай-күйін, арнайы киімді беру нормаларының болуын, қабылдау, сақтау, жөндеу, тазалау мен жуудың ұйымдастырылуын;

- ғимараттар мен құрылыстардың (олардың жабындары, едендері, қабырғалары және басқа да құрылымдық элементтері), цехтар, учаскелер, объектілер, өткелдер мен өту жолдары, жұмыс орындары аумақтарының жай-күйін, олардың ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкестігін, ғимараттар мен құрылыстардың жоспарлануын, цехтарда жабдықтардың орналастырылуын;

- қызметкерлердің жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды, өндірістік және еңбек тәртібін сақтауын;

- қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша жұмыс үшін жауапкершілігін материалдық және моральдық ынталандыру жүйесін қолдану тәжірибесін, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайын есепке алу және талдау жүйесінің енгізілуін тексереді.

ТЖК тексеру нәтижелері комиссияның кеңейтілген отырысында талқыланады және актімен ресімделеді. Қажет болған жағдайда ЖШС-ның құрылымдық бөлімшесінің басшылығы орындау мерзімі мен жауапты тұлғаларды көрсете отырып, анықталған кемшіліктерді жою туралы бұйрық шығарады.

Бақылаудың үшінші деңгейін ұйымдастыру және жүзеге асыру жауапкершілігі ЖШС-ның басшыларына жүктеледі.

3 Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның мазмұны

3.1 Цехтар арасындағы еңбек жағдайларының жай-күйін өзара тексеру

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (әрі қарай - ТЖК) Серіктестіктегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен еңбек жағдайлары жай-күйін үнемі бақылап отыруды ұйымдастыру мақсатында әрекет етеді.

Комиссияның құрамына құрылымдық бөлімшелердің басшылары, ЕҚҚБ жөніндегі жетекші мамандар және инженерлік-техникалық қызметкерлер кіреді. Келісім бойынша комиссия құрамына мемлекеттік қадағалау органдарының өкілдері де енгізілуі мүмкін.

Еңбек жағдайларының жай-күйіне бақылаудың екінші және үшінші деңгейлері бойынша тексеру жүргізудің жүйелілігі мен толықтығын қамтамасыз ету үшін, қажет болған жағдайда, Серіктестікте ТЖК құрамында топтар (кіші комиссиялар) құрылуы мүмкін), оларды ЖШС-ның бірінші басшыларының орынбасарлары мен бас мамандары басқаратын болады.

ТЖК құрамына:

- ТЖК құрамына-бастықтың орынбасарлары, бөлім, қызмет басшылары, басқару аппаратының бас, жетекші мамандары кіреді.

ТЖК ЖШС-ның басшысы бекітетін жылдық жоспар бойынша жұмыс жүргізеді.

ЖШС объектілеріне кешенді немесе мақсатты тексеру жүргізу алдында ТЖК комиссиялар Тексеру бағдарламасын әзірлейді, оны ТЖК төрағасы немесе оның орынбасарлары бекітеді.

ТЖК еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жұмыстың ұйымдастырылуын, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жалпы жағдайына, техникалық және өрт қауіпсіздігіне, ЖШС өндірістік объектілеріндегі еңбек жағдайларының жағдайына мақсатты және кешенді тексеруді жүзеге асырады.

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жай-күйін бақылаудың барлық сатысының жұмысын бағалауды жүргізеді;

- цехтар арасында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау техникасы мәселелері бойынша өзара тексеруді ұйымдастырады;

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды, еңбек жағдайының жай-күйі мен оның сауықтырылуын жақсарту жөніндегі жобалар мен орындалған іс-шараларды, ықтимал апатты жағдайлар мен өршіп кетуін жою жоспарларын, объектілерді паспорттау, жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін қарастырады;

- еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы ережелер мен нормаларды, нормативтік құжаттарды өзгерту және толықтыру жөніндегі ұсыныстарды, ұжымдар мен олардың басшыларын еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау

саласындағы жұмысы үшін тәртіптік жауапкершілік және көтермелеу туралы мәселелерді қарайды;

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау байқау-конкурстарының өткізілуін ұйымдастырып, басқарады және оларды қарастырады.

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жалпы жай-күйіне, техникалық және өрт қауіпсіздігіне, еңбек жағдайларының жай-күйіне, цехтарда, объектілерде мақсатты және кешенді тексерулерді жүзеге асырады және осы тексерулердің нәтижелерін қарайды.

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайын бақылаудың үшінші сатысының жұмысына баға береді;

- цехтар арасында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау техникасы мәселелері бойынша өзара тексеруді ұйымдастырады;

- жекелеген цехтар, учаскелер басшыларының өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету, еңбек жағдайларын жақсарту, өрт қауіпсіздігі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратын тыңдайды;

- қауіпсіздік ережелері мен нормаларының бұзылуына кінәлі қызметкерлерді жауапкершілікке тарту, сондай-ақ ұжымдар мен жеке қызметкерлерді жақсы көрсеткіштері мен қауіпсіз еңбек жағдайларын құрудағы белсенді жұмысы үшін көтермелеу туралы мәселелерді қарастырады;

- ЖШС өкімдері мен бұйрықтарының, бақылаушы органдардың берген ұйғарымдардың орындалуын, сондай-ақ ЖШС-ның инженерлік-техникалық қызметкерлері "Еңбек жағдайының жай-күйін тексеру журналына" енгізген ұсыныстар мен ескертулердің орындалуын бақылайды.

ТЖК кешенді тексерулерді, әдетте, толық құрамда, ал мақсатты тексерулерді - арнайы бұйрық бойынша тиісті мамандар басқаратын комиссия мүшелерінен тұратын жекелеген топтарда (кем дегенде үш адам) жүзеге асырады. Әрбір тексерудің нәтижелері актімен ресімделеді.

ТЖК өз жұмысын осы Ережеге және Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

Цехтар арасындағы өзара тексерулер қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі жұмыс тәжірибесімен алмасу, еңбекті қорғау жөніндегі жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктер мен олқылықтарды жою мақсатында ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Өзара тексерулер жедел бақылау деңгейіне сәйкес бағыттар бойынша жүргізіледі.

Өндірістік цехтар арасындағы өзара тексеруді цех басшыларының бірі басқаратын арнайы құрылған комиссия жүзеге асырады.

Цехтар арасындағы өзара тексеру кестелерін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметі жасайды да, оны ЖШС басшыларының бірі бекітеді. Өндірістік цехтардың арасындағы өзара тексерулердің кестесін ЖШС-ның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметі жасалайды да, оны ЖШС директоры орынбасарларының бірі бекітеді.

Өзара тексеру барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерге жедел араласу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау қажет болған

жағдайда тексерушілер (комиссия мүшелерінің бірі) тексерілетін объектілердің "Еңбек жағдайларының жай-күйін тексеру журналдарына" тиісті жазба жасайды.

Өзара тексеру қорытындысы бойынша тиісті ұсыныстары бар анықтама жасалады. Анықтаманың бір данасы шараларды қабылдау үшін тиісінше цех басшысына, екіншісі - цех басшылығына беріледі.

Тексерілген немесе тексерілетін объектінің қауіпсіз еңбек жағдайларын қалыптастыру жөніндегі озық тәжірибесі бойынша материалдар шешім қабылдау үшін осы бөлімшелердің ТЖК қарауына ұсынылады.

3.2 Еңбекті қорғау бөлімдері мамандарының еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бөлімдері жөніндегі іріктемелі бақылауының негізгі бағыттары

Еңбек қауіпсіздігінің, еңбекті қорғаудың және еңбек жағдайларының жай-күйін бақылау Серіктестіктің еңбекті қорғау қызметінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Еңбекті қорғау қызметінің, бөлімдерінің қызметкерлері Серіктестіктің бірінші басшыларының өндіріс жөніндегі орынбасарлары бекіткен кестеге сәйкес бақылаудағы барлық объектілерді тексеруі тиіс.

Тексеруді екі негізгі бағыт бойынша жүргізген жөн:

- анықталған бұзушылықтарды жою мерзімін белгілей отырып, еңбекті қорғау нормалары мен ережелерінің бұзылуын анықтау;
- жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмысты бағалау.

Әрі қарай цехты, учаскені, жалпылай және келесі бағыттар бойынша тексеру жүргізіледі:

- шеберлердің, учаске бастықтарының жұмысы және еңбек жағдайының жай-күйін талдау (тексерулердің жүйелілігі мен сапасы, олардың тиімділігі);
- өндіріс қауіпсіздігі мәселелері бойынша құжаттаманың болуы және дұрыс жүргізілуі (еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайын тексеру журналдары, нұсқамаларды тіркеу, жабдық паспорттары және т.б.). Серіктестіктің бөлімшелерінде болуы тиіс еңбекті қорғау жөніндегі негізгі құжаттаманың үлгі тізбесі.

цех бастығының өкімдері мен құрылымдық бірлік басшылығының нұсқауларының, бұйрықтардың орындалуы.

- еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың, ЕҚҚБ және ҚО жөніндегі мамандары жасаған ұсыныстардың уақытылы және толық орындалуы.

Цехтың әрбір іріктемелі тексеруінен кейін, тексерілетін объектілердің "Еңбек жағдайларының жай-күйін тексеру журналында" тіркеумен қатар, нұсқама жасалуы керек.

- Егер анықталған бұзушылықтар апатты жағдайларға немесе қызметкерлердің жарақаттануына әкеп соқтыратын болса, ЕҚҚБ және ҚО

қызметтерінің, бөлімдерінің, департаменттерінің бастықтары, объектінің немесе жабдықтардың жұмысын тоқтата тұру туралы нұсқаманы ресімдей отырып, жұмыстың жүргізілуін тоқтата тұруы тиіс.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бөлімдерінің мамандары жүргізетін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша іріктемелі бақылаудың негізгі бағыттарына:

- ұжымдық шарттың әзірленуін және орындалуын бақылау;
- объектілердегі еңбекті қорғаудың жай-күйін бақылау;
- қызметкерлердің қауіпсіз еңбек тәсілдеріне оқытылуын бақылау;
- жұмыс жасаушылардың арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуін бақылау;
- қызметкерлерге санитарлық-гигиеналық қызметтің көрсетілуін бақылау;
- қызметкерлерге емдеу-профилактикалық қызметтің көрсетілуін бақылау.

3.3 Объектілердегі еңбекті қорғау жай-күйін бақылау

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі мамандар:

- а) аумақтың, өткелдердің, өту жолдарының, жұмыс орындарының күтіп-ұсталуын, өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын;
- б) машиналардың, механизмдердің және басқа да өндірістік жабдықтардың қауіпсіз пайдаланылуын;
- в) қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын сақтауын тексереді.

Еңбек кодексіне сәйкес қауіпсіз жағдайларды және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жұмыс берушіге жүктеледі. Құрылыстарды, машиналарды, механизмдерді, құралдарды қауіпсіз күтіп-ұстауға және пайдалануға, сондай-ақ технологиялық процестерді жүргізуге қойылатын талаптар әртүрлі салалық және салааралық ережелерде, мемлекеттік стандарттарда, құрылыс нормалары мен ережелерінде, санитарлық ережелер мен нормаларда және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарда баяндалған. Тексеру кезінде сондай-ақ міндетті түрде оларды қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулығы болатын машиналар мен механизмдердің паспорттарын, сондай-ақ Серіктестікте әзірленген жұмыс түрлері мен кәсіптері бойынша еңбекті қорғау жөніндегі нұсқауларды пайдалану қажет.

Еңбек жағдайының жай-күйін тексеру жұмыс орындары мен жабдықтарды, механизмдер мен құрылғыларды қарау, жұмыс істеушілерден жауап алу, қолда бар құжаттармен танысу арқылы жүзеге асырылады.

а)-тармағына сәйкес, аумақтың, өткелдердің, өту жолдарының, жұмыс орындарының күтіп-ұсталуын, өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын тексеру кезінде:

- аумақты, өндірістік үй-жайлардың аумағы мен ішінде өтетін жолдарды, жұмыс орындарының өздерін күтіп-ұстау (олардың барлығы шөптен, қоқыстан,

кардан, мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуінен тазартылуы, жиналатын материалдармен, бөлшектермен және конструкциялармен үймеленбеуі, тазалықта және реттілікпен ұсталуы тиіс, көлік құралдары өтетін жерлерде жол қозғалысы ережелерінің талаптарына сәйкес келетін белгілер ілінуі тиіс);

- бөлшектерді, құрал-саймандарды, материалдарды жинаудың және сақтаудың дұрыс болуы (оларды сақтау қатарда, пирамидаларда, кассеталарда, стеллаждарда және т. б. ұйымдастырылуы тиіс.);

өндірістік аумақты, жұмыс учаскелері мен жұмыс орындарын алғашқы өрт сөндіру құралдарымен, сондай-ақ байланыс, сигнал беру құралдарымен және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етудің басқа да техникалық құралдарымен қамтамасыз ету, жұмыс істеушілерді ұжымдық қорғаудың қажетті құралдарының болуы және жұмысқа қабілеттілігі;

қорғау қоршауларының, ескерту жазбаларының болуы, МемСТ талаптарына сәйкес тұрақты жұмыс істейтін қауіпті өндірістік факторлар аймақтар шекарасындағы қауіпсіздік қандай екендігі;

- жарықтандыру жүйесінің жарамдылығы және жұмыс орындарының жарықтандырылу жағдайы;

нұсқаулықтардың, плакаттардың, ескерту жазбаларының, қауіпсіздік белгілерінің болуы (еңбекті қорғау жөніндегі плакаттарды жүйелі түрде ауыстыру немесе оларды ілу орындарын өзгерту қажет, әйтпесе біраз уақыттан кейін қызметкерлер оларды байқамайды және олардың бар-жоғы маңызды болмай қалады);

- қызметкерлерді эвакуациялау жолдарын күтіп-ұстау (эвакуациялау жолдары арнайы белгілермен белгіленуі тиіс, қажет болған жағдайда авариялық жарықтандыруы болуы керек, ешнәрсе бөгелмеген, есіктері бекітілмеген болуы тиіс) жағы тексеріледі;

б)-тармағына сәйкес, машиналардың, механизмдердің және басқа да өндірістік жабдықтардың қауіпсіз пайдаланылуына сәйкес:

- жабдықтың, механизмдердің, бақылау-өлшеу аспаптарының, құрылғылар мен құралдардың жарамдылығы, жылжымалы бөліктерде торлы немесе тұтас металл қоршаулардың тұрақты механизмдерінің болуы;

- қоршауларды, люктерді, қалқандарды және т. б. кездейсоқ алуды немесе ашуды болдырмайтын арнайы құрылғылардың (блоктаудың) болуы және жарамдылығы;

- жерге қосу құрылғылары мен статикалық электрден қорғайтын құрылғыларының болуы және жарамдылығы;

- қоршау, сақтандырғыш және герметикалайтын құрылғылардың, автоматты бақылау, сигнал беру, қашықтықтан басқару құрылғыларының және басқа да қорғаныс құралдарының болуы және жарамдылығы;

- іске қосу құрылғыларының белгілері мен таңбалануының, басқару символдарының болуы;

- жарамды мүкәммалдық құралдар мен құралдардың болуы тексеріледі.

в)-тармағына сәйкес, қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын сақтауына сәйкес, ЕҚҚБ және ҚО жөніндегі маман:

-жұмыс орындарын аралау кезінде және одан әрі жұмыс уақытында жұмысшылардың қауіпсіз жұмыс әдістері мен тәсілдерін, технологиялық режимдерді, нұсқаулықтарды сақтауын бақылауға міндетті.

3.4 Қызметкерлердің арнайы киіммен, аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуін бақылау

ЕҚҚҚБ және ҚО жөніндегі маман:

-арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) берудің және ауыстырудың уақытылылығын;

- берілетін ЖҚҚ-ның ережелер мен нормалардың талаптарына сәйкестігін;

- кәсіпорында берілетін ЖҚҚ-ның күтімін және оларды жөндеудің ұйымдастырылуын;

- қызметкерлерді ЖҚҚ пайдалануға оқытуды;

- қызметкерлері берілген ЖҚҚ-ны пайдалануын бақылауы тиіс.

Жұмыс берушінің зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарда, сондай-ақ ерекше температуралық жағдайларда орындалатын немесе ластануға байланысты жұмыстарда істейтін қызметкерлерді өз есебінен ЖҚҚ-мен қамтамасыз ету міндеті Еңбек кодексінің 317-бабында көрсетілген.

Қызметкерлердің ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілуі тәртібін реттейтін негізгі құжаттар -Салалық нормалар болып табылады.

Үлгілік нормаларда көрсетілмеген жекелеген ЖҚҚ (сақтандыру белдігі, диэлектрлік қолғаптар, қорғаныс көзілдірігі, өлшегіш, антифондар және т. б.) жұмыс үшін қажет болса, онда олар орындалатын жұмыстардың сипатын ескере отырып жұмыс орындарын аттестаттау негізінде ұжымдық келісім-шартқа енгізіле алады.

Қызметкерлерді ЖҚҚ-мен уақытылы және толық көлемде қамтамасыз ету жауапкершілігі Серіктестіктің басшылығына жүктеледі. Қызметкер ЖҚҚ-мен қамтамасыз етілмеген жағдайда, жұмыс басшысының қызметкерден жұмыс міндеттерін орындауын талап етуге құқығы жоқ және осы себептен орын алған тоқтап тұрған жұмыс төленуі тиіс.

ЖҚҚ-ның уақытылы ауыстырылуын қызметкердің жеке карточкасына жазылатын ЖҚҚ-ның берілген күнін үлгілік нормаларда белгіленген киімнің тозуы мерзімдерімен салыстыра отырып тексеруге болады, өйткені ЖҚҚ-ны пайдалану мерзімі олар қызметкерлерге берілген күнінен бастап есептеледі. Егер олар қызметкерге тәуелсіз себептер бойынша жарамсыз болған жағдайда, сондай-ақ олар қызметкердің кінәсінен болмаған сақтау орындарында жоғалған немесе бүлінген жағдайда ЖҚҚ-ның мерзімінен бұрын ауыстырылуын бақылап отыру қажет.

Берілетін арнайы киімнің, арнайы аяқ киімнің және басқа да ЖҚҚ сапасы МемСТ-қа сәйкес анықталады. ЕҚҚҚБ және ҚО жөніндегі мамандар арнайы қорғау киімінің халықаралық стандарттарға сәйкес енгізілген корпоративтік

стильге және техникалық талаптарға сәйкес келетініне және ағзаның қалыпты функцияларын қамтамасыз ететініне, оны қолдану және оған күтім жасау шарттарын сақтай отырып, пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде адамның жұмыс қабілетін ыңғайлы сақтап қалатынына көз жеткізуі тиіс. Бұл ЕҚ және Қ жөніндегі маман өзі кию процесінде, сондай-ақ қызметкерлер арасында сұрау арқылы тексереді.

ЖҚҚ (респираторлар, сақтандырғыш белдіктер, каскалар, диэлектрлік қорғаныс құралдары және т.б.) жүйелі түрде сынақтарға және жарамдылығын тексеруге ұшыратылып отыруы тиіс. Сынақ жүргізілгеннен кейін оларға келесі сынақ мерзімі көрсетілетін белгі (таңба, мөртабан) қойылады. Сол штампқа қарап, осы ЖҚҚ-ды жұмыста пайдалану мүмкіндігін тексеру оңай.

Лас, майланған, жыртылған арнайы киімнің пайдаланылуына жол берілмеуіне көңіл бөлу керек. ЕҚ және Қ бөлімдерінің мамандары ЖҚҚ-ға күтім жасау, химиялық тазалау, жуу, арнайы киімдерді жөндеу, сондай-ақ арнайы аяқ киім мен басқа да ЖҚҚ-ны жөндеу жұмыстарының уақытылы жүргізілуін бақылап отыруды ұйымдастыруы тиіс.

Тек сертификатталған жеке қорғаныс құралдары сатып алынуы тиіс.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жұмысшыларға респираторларды, сақтандырғыш белдіктерді, каскалар және басқа да ЖҚҚ-ны беру кезінде жұмыстың тікелей басшысы пайдалану ережелері бойынша нұсқаулық өткізіп, олардың жарамдылығын тексерудің қарапайым тәсілдерін көрсетуі, сондай-ақ оларды қолдану бойынша кезең-кезеңімен жаттығулардың ұйымдастырылуына қол жеткізуі қажет.

Қызметкердің оған тиесілі ЖҚҚ-ны дұрыс қолдану міндеті Еңбек кодексінің 314-бабында айтылған. ЕҚ және Қ жөніндегі маманның міндеті - қызметкерлерден ЖҚҚ-ны пайдалануын талап ету ғана емес, сонымен қатар берілетін арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да ЖҚҚ зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналғанын және оларды елемеу жарақаттануға немесе өндіріспен негізделген дертке шалдығушылыққа әкеп соғуы мүмкін екендігін түсіндіру.

4 Өндіріс қауіпсіздігі және еңбек жағдайларының жай-күйі туралы жедел ақпарат

4.1 Объектідегі тікелей жұмыс басшысының ақпараты (шебер)

Шеберлер, учаскелердің бастықтары бастықтары айына кем дегенде бір рет келесі айдың 1-ші күнінен кешіктірмей цехтың бастығына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектілердегі еңбек жағдайларының жай-күйі туралы ақпарат береді.

Шеберлердің ақпаратында келесідей:

- әртүрлі тексерулер жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар, кемшіліктер туралы;

- әртүрлі жоспарларда, бағдарламаларда, бұйрықтарда, актілерде және т. б. қарастырылған еңбек жағдайларын жақсарту және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс - шаралардың орындалуы туралы (барлық деңгейдегі ТЖК актілері бойынша - апта сайын), орындалмау себептері туралы (ондай болған жағдайда);

- жұмыс орындары мен объектілерінің, сондай-ақ қызметкерлердің жұмыс киімімен, арнайы аяқ киіммен және басқа да қорғаныс құралдарымен, нұсқаулықтармен, плакаттармен, қауіпсіздік белгілерімен және т. б. қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.

Мұндай ақпаратты шебер цехтың жиналыстарында, цех бастығының жедел жиынындарында баяндама түрінде ұсынады.

Цехтардың бастықтары айына бір рет (келесі айдың 5 күнінен кешіктірмей) еңбекті қорғау қызметіне және құрылымдық бөлімшенің басшылығына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша цехтағы өндіріс қауіпсіздігі мен еңбек жағдайларының жай-күйі туралы жазбаша ақпарат береді.

Цех бастықтарының ақпаратында келесідей:

- әртүрлі тексерулер жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы;

- басшылықтың бұйрықтары мен өкімдерінің орындалуы туралы;

- әртүрлі жоспарларда, бағдарламаларда, бұйрықтарда, актілерде және т. б. қарастырылған өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс - шаралардың орындалу барысы туралы (ТЖК актілері бойынша-апта сайын);

- жұмыс орындарының, объектілердің, қызметкерлердің арнайы киімдерінің, арнайы аяқ киімдермен және басқа да қорғаныс құралдарымен, нұсқаулықтармен, плакаттармен, қауіпсіздік белгілерімен қамтамасыз етілуі туралы және олардың жай-күйі туралы (тоқсанына бір рет);

- қызметкерлердің қауіпсіздік ережелері мен нормаларын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

Құрылымдық бөлімшенің ақпараты

- құрылымдық бөлімшенің басшылығы (бас инженер) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметінің қатысуымен тоқсанына бір рет (келесі айдың 5

күнінен кешіктірмей) ЖШС басшылығына цехтар мен құрылымдық бөлімшенің объектілеріндегі еңбек жағдайларының жай-күйі туралы ақпаратты береді.

Құрылымдық бөлімше басшылығының ақпараты келесідей мәліметтерді қамтуы тиіс:

- әртүрлі тексерулер барысында анықталған, оларды жою филиал басқармасы аппаратының бөлім басшыларына, мамандары мен қызметтеріне байланысты болатын бұзушылықтар туралы;

бақылаушы органдар мен басқа да тексерушілер жұмысын тоқтатып қойған объектілер туралы;

- филиал басшылығы бұйрықтарының, нұсқауларының, бақылаушы органдар берген нұсқаулардың орындалуы туралы;

- бағдарламаларда, бұйрықтарда, актілерде және т. б. қарастырылған өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың орындалу барысы туралы (ЖШС ТЖК актілері бойынша - ай сайын);

- қызметкерлердің арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етілуі туралы, цехтардың, учаскелердің ережелермен, нұсқаулықтармен, басқа да нормативтік құжаттармен, плакаттармен, қауіпсіздік белгілерімен жабдықталуы туралы (жылына бір рет);

қауіпсіздік ережелері мен нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке (тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық және материалдық) тартылған қызметкерлер туралы;

- жарақаттану болмайтын цехтардың, учаскелердің, бригадалардың саны туралы (жылына бір рет);

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметінің сандық және сапалық құрамы туралы (жылына бір рет).

4.2 Басшылықтың ақпараты

Басшылық (директор, директордың орынбасары) жазатайым оқиғалар, күрделі апатты жағдайлар, өрттер, ықтималды техногендік апаттар және басқа да төтенше жағдайлар туралы дереу ресми хабарлама береді; бірақ тергеу аяқталғаннан кейін Серіктестікке тергеу материалдары көшірмелерінің толық жиынтығы ұсынылады.

Басшылық еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметінің қатысуымен ДОТОС-қа ресми түрде, тоқсанына бір рет (есепті айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей) қағаз және электрондық тасымалдағыштағы Microsoft Excel форматында жасалған өткен жылдың ұқсас кезеңдерімен салыстырғандағы, Microsoft Word форматындағы түсіндірме жазбасы және тоқсан бойынша өспелі кестелік деректері бар, бөлімшелердегі еңбек жағдайларының жай-күйі туралы келесідей ақпаратты қамтитын есепті береді:

- Физикалық және ақшалай (мың теңге) түрдегі Серіктестіктің әртүрлі актілерімен (серіктестіктің ТЖК актілері) еңбек жағдайларын жақсарту бағдарламасында көзделген еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралардың іс жүзінде орындалуы. Сондай-ақ есепті кезеңде жоспарланған және орындалған іс-шаралардың санын, жоспарланған жұмыстардың орындалмау себептерін, оларды орындау жөніндегі келешектегі шараларды көрсету талап етіледі;

- жазатайым оқиғалар мен күрделі апатты жағдайларды тексеру нәтижелері бойынша іс-шаралардың орындалуы;

- төртінші деңгейлі жедел бақылау тексерістерінің және оларды жою Серіктестіктің басқару аппараты қызметкерлерінің араласуын талап ететін ұйғарымдардың саны;

- мемлекеттік қадағалау органдары берген нұсқамалардың тізбесі мен саны, тексерулердің саны, оның ішінде орындалғаны, орындалу сатысында тұрғаны және келесі мерзімге негізді түрде көшірілгендері;

- бақылаушы органдар себептерін көрсете отырып, жұмысын тоқтатып қойған объектілердің саны;

қауіпсіздік ережелері мен нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілікке (тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық және материалдық) тартылған қызметкерлердің саны. Есепке еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметінің басшысы қол қояды.

- серіктестіктің бірінші басшысы бекітеді. Тоқсандық және жылдық есептермен ақпарат ұсынылады. Есептегі түсініктемелер осы нысанның деректеріне сілтеме жасалуы тиіс.

4.3 ЖШС бөлімшелерінде болуы тиіс еңбекті қорғау жөніндегі негізгі құжаттама болжамды тізбесі

1. Еңбек қорғауды басқару органдары құру жөніндегі бұйрықтар. Маманның лауазымын енгізу туралы (құру), еңбекті қорғау жөніндегі маманның міндеттерін қосымша басқа да мамандарға жүктеу жөніндегі бұйрықтар. Осы тұлғаларды тағайындау және жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар. Әрқайсысына арналған қызмет туралы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтар. Бөлімшеде еңбекті қорғау жөніндегі комитетін құру туралы (комиссия) бұйрықтар. Еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторларды сайлау хаттамалары.

2. Кіріспе нұсқаулықты тіркеу журналы.

Кіріспе нұсқаулықты жүргізу нұсқама жүргізуші мен нұсқамадан өтушінің қолдарымен бекітілуі тиіс. Кіріспе нұсқаулықтан түсушілердің барлық санаттары өтуі тиіс. Кадрлар бөлімінің ұйымға келушілердің барлығының кіріспе нұсқаулықтан өтуінің қамтамасыз етуін көздеу қажет.

3. Кіріспе нұсқаулық бағдарламасы.

Бағдарлама типтік бағдарламаға сай болуы және кәсіпорын жұмысының

ерекшеліктерін ескеруі керек. Бағдарламаны Серіктестіктің басшысы (оның еңбекті қорғауға жауапты орынбасары) бекітуі тиіс.

4. Жұмыс орнында нұсқаулықты тіркеу журналы. Нұсқаулықты қызметкер тікелей бағынатын басшы жүргізеді. Нұсқаулық қызметкердің еңбек міндеттерін ерекшеліктерін ескере отырып, жеке-жеке жүргізіледі.

5. Жұмыс орнында нұсқаулықтан өту бағдарламасы.

Бағдарлама осы жұмыс орнында орындалатын жұмыстардың ерекшеліктерін ескере отырып жасалады.

6. Жұмыс орнында нұсқаулықтан өтуден босатылған қызметкерлер мамандықтарының тізімі

Серіктестік бөлімшесінің басшылығы бекітеді және еңбек ұжымының өкілетті органымен келісіледі.

7. Зиянды, қауіпті заттар мен өндірістік факторлардың, сондай-ақ оларды орындау кезінде қызметкерлерді алдын ала және мерзімдік тексеру жүргізілетін жұмыстардың уақытша тізбелерін бекіту туралы бұйрық.

8. Мерзімді медициналық тексерулерді өткізу кестесі. Кестені әдетте еңбекті қорғау қызметі бөлімі мен кадрлар бөлімі бөлімшелердің басшылығымен бірлесе отырып құрайды. Қызметкерлер медициналық тексеруден өтуден жалтарған жағдайда жұмыс беруші оны еңбек міндеттерін орындауға жібермеуге міндетті.

9. Қызметкерлерге берілетін жеке қорғаныс құралдарының тізбесі.

10. Еңбекті қорғау бойынша өкімдер журналы. Өндірістік учаскеде, цехта ұстау ұсынылады.

11. Еңбекті қорғау бойынша білімін тексеру жөніндегі, тұрақты жұмыс істейтін комиссияны тағайындау туралы бұйрық.

12. Еңбекті қорғау бойынша білімін тексеру кестесі

Оның орындалуына тұрақты бақылау жүргізу, сондай-ақ штаттық өзгерістер кезінде қажетті толықтырулар енгізу қажет.

14. Қызметкерлерді қауіпсіз еңбек әдістеріне және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету тәсілдеріне оқыту бағдарламалары.

Барлық мамандықтар мен жұмыс түрлері бойынша жасалуы тиіс.

15. Еңбекті қорғау бойынша сұрақтар немесе емтихан билеттері. Барлық қызметкерлер білімін тексеру басталғанға дейін (кем дегенде бір ай бұрын) емтихан билеттерімен немесе арнайы сұрақтармен танысуы тиіс.

16. Еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықтардың тізбесі кәсіпорынның барлық жұмыс түрлері мен мамандықтарын қамтуы тиіс.

17. Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық.

Нұсқаулықтардың саны тізбеге сәйкес келуі тиіс. Оларды қайта қарау кемінде 5 жылда бір рет, ал аса қауіпті мамандықтар үшін үш жылда бір рет жүргізілуі тиіс.

18. Аса қауіпті жұмыстардың тізбесі

Осы кәсіпорынның шарттарын ескере отырып, үлгі тізбе негізінде жасалады. Тізбені жасауға мұқият қарау керек.

19. Аса қауіпті жұмыстарды жүргізуге жауапты тұлғаларды тағайындау

туралы бұйрықтар.

Бұйрықтар наряд-рұқсатнамаларды беруге құқығы бар тұлғаларды, жұмыстардың жауапты басшыларын және жұмыстарды орындаушыларды атайды.

20. Аса қауіпті жұмыстарға рұқсат-нарядтарды тіркеу журналы.

Учаскеде сақталады.

21. Жүк көтеретін машиналарды қауіпсіз пайдалану бойынша жауапты тұлғаларды тағайындау туралы және жүк көтеретін машиналарға қызмет көрсететін персоналды жұмысқа жіберу туралы бұйрықтар.

22. Электр беру желілеріне жақын жерде жұмыс жүргізу тәртібі туралы бұйрық.

Жылжымалы жүк көтеретін машиналарды пайдаланатын немесе электр беру желілеріне жақын жерлерде жұмыс жүргізетін ұйымдарда электр жарақаттары жиі кездеседі. Бұйрықпен электр беру желілеріне жақын жерлерде жұмыс істеу тәртібі нақты белгіленуі қажет.

23. Автокөлік құралдарының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бұйрықтар. Габаритті емес жүктерді тасымалдау тәртібі туралы, автокөлікті шығаруға жауапты тұлғаларды тағайындау туралы, адамдарды тасымалдау кезінде аға қызметкерді тағайындау туралы (маршруттардың төлқұжаттары мен тұлғаларды тасымалдау кестелерін қоса алғанда), тұлғаларды тасымалдауға рұқсат етілген жүргізушілер туралы, этилденген бензинмен және антифризбен жұмыс істеу тәртібі туралы, шиномонтаж стендіне жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтар дайындалуы тиіс.

24. Басшыларының және электр қауіпсіздігі бойынша біліктілік тобы болуы тиіс электр-технологиялық персонал лауазымдарының тізбесі,.

25. Электр қауіпсіздігі бойынша бірінші біліктілік тобын беруді талап ететін мамандықтар мен жұмыс орындарының тізбесі.

Тізбеге электр тогымен зақымдану қаупі туындауы мүмкін жұмыстарды орындайтын электр техникалық қызметкер болып табылмайтындар енгізіледі. Тізбені кәсіпорын басшысы бекітуі тиіс.

26. Ғимараттар мен құрылыстарды жалпы қарау жөніндегі комиссияларды тағайындау туралы бұйрық.

Комиссия жылына кемінде екі рет (көктемде және күзде) ғимараттар мен құрылыстардың жай-күйін тексеруі тиіс.

27. Газ шаруашылығына жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық.

Газ инспекциясына ведомстволық бағынысты жабдық болған жағдайда мамандар қатарынан тағайындалады.

28. Өрт қауіпсіздігіне жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық.

Өрт техминимумы бойынша оқудан өткен мамандар қатарынан тағайындалады.

29. Еңбек қорғаудың қамтамасыз етілуін бақылау тәртібі туралы ереже.

Ережеде осы кәсіпорын түрі үшін жарамды болатын еңбек қорғауды бақылау нысаны әзірленуі керек. Үш сатылы бақылау өзін іс-жүзінде ақтай білді. Барлық қызметкерлер қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек бірінші басшының

ғана емес, барлық еңбек ұжымының ісі екенін түсінуі қажет.

30. Еңбек жағдайларының жай-күйін тексеру журналы

31. Қорғаныс құралдарын есепке алу және күтіп-ұстау журналы. Оны бөлімше басшысында сақтау керек.

32. Жерге тұйықтау кедергісінің шамасын өлшеу хаттамалары. Журналды энергетика қызметі жүргізеді және оны өзінде сақтайды.

33. Механизмдер мен агрегаттарды есепке алу және мерзімдік тексеру журналы.

Мұндай механизмдерге: газбен дәнекерлеу генераторлары, электрмен дәнекерлеу аппараттары, көтергіштер, транспортерлер, электродрель, еденнен басқарылатын кран-балкалар, шығырлар, электрокарлар, авто жүк тиегіштер, жер қазатын машиналар, компрессорлар, сорғылар және т. б. жатады.

Механизмдерді тексеруге жауапты тұлғалардың тізімі бұйрықпен бекітілуі тиісқарау. Сондай-ақ осындай механизмдердің берілуін және оларды мерзімді тексерудің жүргізуілуін есепке алу қажет. Мұндай актіні механизмді пайдалануға берген тұлға (механик немесе энергетик) және механизмді пайдалануға қабылдаған тұлға қолдарымен бекітуі тиіс. Механизм қолданыстағы ережелерге сәйкес құрастырылуы, сыналуды тиіс.

Жұмыс орындарын еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау материалдары. Жұмыс орындарын еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау материалдарын еңбекті қорғау бөлімінде немесе еңбек және жалақы бөлімінде сақтаған жөн.

34. Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу журналы. Журнал еңбекті қорғау жөніндегі инженерде сақталады.

35. Өндірістегі жазатайым оқиғалар туралы актілер (Н-1). 45 жыл сақталады, сондықтан оларды сақтауға мұқият қарау керек.

36. Өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіби аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандырумен байланысты құжаттар.

37. Зейнеткерлікке мерзімінен бұрын шығуға құқығы бар қызметкерлердің тізімі.

38. Қосымша демалысқа құқығы бар қызметкерлердің тізімі.

39. Сүт немесе оған тең бағалы басқа өнімдерді алуға құқығы бар қызметкерлердің тізімі.

40. Емдеу-профилактикалық тамақтануға құқығы бар қызметкерлердің тізімі.

41. Еңбекті қорғау жөніндегі кіріс/шығыс құжаттарын тіркеу журналы.

42. Еңбекті қорғау жөніндегі құжаттаманы беруді тіркеу журналы. Еңбекті қорғау жөніндегі барлық құжаттар мен әдебиеттерді тек қана қол қойғызып беру керек, әйтпесе болашақта түсінбеушіліктер туындауы мүмкін, өйткені көптеген желілік басшылар еңбекті қорғау жөніндегі құжаттамаларға ұқыпсыздықпен қарайды.

4.4 Жазатайым оқиғалардың коэффициенттерін анықтау

Жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$K_{\text{ч}}=n/N,$$

мұнда n – осы өндірістік объектіде жыл бойына тіркелген жазатайым оқиға саны;

N – қауіпті объектіге жыл бойына қызмет көрсететін қызметкерлердің орташа жылдық саны.

2018 жылғы жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті төмендегідей көрсеткішті көрсетеді:

$$K_{\text{ч}}=6/6=1$$

1 кесте -Соңғы үш жылғы жазатайым оқиға саны

Жылы	Жеңіл түрі	Ауыр түрі	Қазалы оқиға
2016	3	4	0
2017	8	0	0
2018	6	0	0



1-Сурет- Соңғы үш жылғы жазатайым оқиға диаграммасы

2016-2017-2018 жылдары болған жазатайым оқиғалар бойынша шаралар жасақталып, Серіктестіктегі барлық жұмысшыларға таныстырылып, кезектен тыс нұсқама өткізілді.

Өндіріске қатысы жоқ оқиғалар: атап айтқанда жұмыс кезінде денсаулығының кенеттен нашарлауы - 2016 жылы 2 оқиға, 2017 жылы 8 оқиға тіркелді.

2018 жылы 9 ай бойынша 6 оқиға жеңіл түрі тіркелді.

Жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициентін анықтау үшін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 5-бөлімі, 35-тарау, 317-бабына сәйкес мынадай деректер қосылады:

- осы өндірістік объектіде жыл бойына тіркелген жазатайым оқиға саны;
- қауіпті өндірістік объектілерге қызмет көрсететін және пайдаланатын, зиянды және қауіпті өндіріс жағдайларымен айналысатын жұмыскерлер саны;
- өндірістегі жазатайым оқиға - өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындау кезінде қызметкердің жарақаттануы, немесе кәсіби ауруға шалдығуы, не денсаулығының күрт нашарлауы, улануы салдарынан оның еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айрылуына не өліміне әкеп соқтырған өндірістік фактордың қызметкерге әсер ету жағдайы.

Жазатайым оқиғалардың ауырлық коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады

$$K_T = n_1/N,$$

мұнда n_1 – жыл бойына барлық жол берілген жазатайым оқиға бойынша зардап шегушінің еңбек ету қабілетсіздігі күндерінің саны.

Жазатайым оқиғалардың ауырлық коэффициентін анықтау үшін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 37-тарау, 322-бабына сәйкес барлық жол берілген жазатайым оқиға бойынша еңбек ету қабілетсіздігі күндерінің саны туралы деректер есепке алынады.

Өлімге соқтыратын жарақат жиілігінің коэффициенті мынадай формуламен анықталады:

$$K_C = n_2/N,$$

мұнда n_2 – жыл бойына өлімге соқтыратын жағдай саны (жазатайым оқиғадан кейін бір жыл бойына зардап шегушілердің өлімін есепке алумен).

Өлімге соқтыратын жарақат жиілігінің коэффициентін анықтау үшін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 37-тарау 322-бабына сәйкес осы өндірістік объектіде бір жыл бойына жұмыскердің өліміне соқтырған тіркелген жазатайым оқиға, саны туралы деректер қосылады.

Өлімге соқтыратын жарақат жиілігінің коэффициенті K_C – белгілі бір мерзім кезеңіне қауіпті өндірістік объектіге қызмет көрсететін жұмыскерлер санына сәйкес келетін өндірістегі өлім санын сипаттайды (әдетте бір жылға).

Жазатайым оқиға жиілігінің коэффициенті - белгілі бір мерзім кезеңіне қауіпті өндірістік объектіге қызмет көрсететін жұмыскерлер санына сәйкес келетін өндірістегі жазатайым оқиға санын сипаттайды.

Кәсіби ауру коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$K_3 = n_3/N,$$

мұнда n_3 – есепті жылға кәсіби ауру бірінші рет белгіленген қызметкерлер саны.

Кәсіби ауру коэффициентін анықтау үшін жыл сайынғы медициналық қаралу деректерін есепке алу қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. «ӨзенМұнайСервис» ЖШС жалпы талаптары туралы қарастыру.

Еңбек ету барысында қызметкерлер жұмыс орындарының жай-күйін тексеруді жүзеге асырып, қауіпсіздік талаптарының бұзылуы жағдайларын жою бойынша шаралар қабылдауы тиіс, олар жұмысты тоқтатуға дейін бара алады.

2. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне жедел бақылау жүргізудің көлемі және тәртібін қарастыру.

Еңбек жағдайының жай-күйін бақылауды мыналар жүзеге асырады:

- учаскелердің бастықтары, шеберлер, механиктер және басқа да тікелей басшылар - *бақылаудың бірінші деңгейі*;

- цехтардың бастықтары және басқа да басшылар - *бақылаудың екінші деңгейі*;

- басшылық етуші қызметкерлер, директорлар, Серіктестіктің басқарма аппаратының қызметтері мен бөлімдерінің бас мамандары өзі немесе еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ТЖК құрамында, ЕҚҚБ бөлімдерінің қызметкерлері - *бақылаудың үшінші деңгейі*;

3. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның мазмұнын зерттеу.

ТЖК кешенді тексерулерді, әдетте, толық құрамда, ал мақсатты тексерулерді - арнайы бұйрық бойынша тиісті мамандар басқаратын комиссия мүшелерінен тұратын жекелеген топтарда (кем дегенде үш адам) жүзеге асырады. Әрбір тексерудің нәтижелері актімен ресімделеді.

4. Өндіріс қауіпсіздігі және еңбек жағдайларының жай-күйі туралы жедел ақпаратын тексеру.

Еңбек қорғауды басқару органдары құру жөніндегі бұйрықтардың болуын тексеру, маманның лауазымын енгізу туралы (құру), еңбекті қорғау жөніндегі маманның міндеттерін қосымша басқа да мамандарға жүктеу жөніндегі бұйрықтардың болуын қадағалау. Осы тұлғаларды тағайындау және жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың болуы, әрқайсысына арналған қызмет туралы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтардың болуы, бөлімшеде еңбекті қорғау жөніндегі комитетін құру туралы (комиссия) бұйрықтардың болуы, еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторларды сайлау хаттамаларының болуын қадағалау.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Дорошин Г. «Методика расчета выбросов загрязняющих веществ в атмосферу от стационарных дизельных установок», РНД 211.2.02.04-2004, Астана-2004г.;[1]
- 2 Төрегожина Ж.Р., Жүнісова М.А. «Қауіпсіздік және тәуекел».- Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2012 ж.
- 3 Ақбасова А. Ж., Саинова Г.Ә., Экология. Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. Алматы, 2003
- 4 Амангазиева Г.Д., Экономика нефтяной и газовой промышленности. Учебное пособие. Алматы "Экономика", 2004г.
- 5 Лұқпанов Ж., Нүсіров Н. Химиялық ұлы препараттардың анықтамалығы. "Қайнар баспасы" Алматы 1999ж
- 6 Диаров М.Д., Гилязов Е.Г., Димеева Л.А. и др. Экология и нефтегазовый комплекс. - Алматы: Ғалым, 2003. – Т. 2. – 340 с.
- 7 Фаизов К.Ш., Асанбаев И.К., Абдукаймова А.М. Современные проблемы загрязнения почв нефтепромыслов Прикаспия // Нефть и газ. – 2005. - № 1. – С. 64-68.
- 8 Гойшиев Т.Қ. Ж «Методике расчета выбросов вредных веществ в окружающую среду от неорганизованных источников нефтегазового оборудования», РД 39.142-00;[4]



Университет:	Satbayev University
Название:	«Өзенмұнайсервис» ЖШС қауіпті өндірістік объектілердегі жұмыс жағдайының күйін бақылау
Автор:	Еділбаев Есенғали Сағынғалиұлы
Координатор:	Жадра Абдрахманова
Дата отчета:	2019-05-06 10:57:28
Коэффициент подоби́я № 1:	4,5%
Коэффициент подоби́я № 2:	0,0%
Длина фразы для коэффициента подоби́я № 2:	25
Количество слов:	8 287
Число знаков:	71 937
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершенных проверок:	35

>>

Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

>>

Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks

>>

Документы,содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных